

## Күлтегін ескерткішіндегі қытай жазбасы

Күлтегін ескерткішінің орналасқан жері – әкімшілік жақтан Орталық Монғолияның Арханғай аймағы, Хашат сұмынына қарасты. Жағрапиялық тұрғыдан Қарақорым қалашығының солтүстігіне қарай 45 шақырым жердегі Көше-Цайдам жазығына орналасқан. Ескерткіш тұрған жердің батысында Орхон өзені, шығысында шағын ғана Цайдам көлі жатыр. Дәл осы жер көне түріктердің мемлекет құрып, билік жүргізген алтын төрі, қасиетті қонысы болатын.

Күлтегін ескерткіші Екінші Түрік қағанатының кемеңгер қолбасшысы, Елтеріс Құтлық қағанның ұлы, Білге қағанның інісі Күлтегінге арналып 732 жылы тұрғызылған. Ескерткіш мәтіні түрік және қытай тілінде жазылған. Бұл ескерткіштің жапондық технологиямен жасалған ғылыми көшірмесі 2001 жылы мамыр айының 18-і күні Астанадағы Еуразия университетінің бас корпусына жеткізілді.

Бірақ біз айтып жүрген Күлтегін ескерткіші оны еске алуға арналған киелі кешен құрылысының бір бөлігі ғана. Оны зерттеуге ХІХ ғасырдың соңында Н. М. Ядринцев, А.О. Гейкель, В. Томсен, В.В. Радловтар көп күш жұмсады. Кешендегі мұралар туралы В.Л. Котвич пен Г. И. Рамстедт атап өтті. 1958 жылы Монғол-Чех біріккен экспедициясы қазба жұмысын жүргізіп, оның нәтижесі бойынша монғол археологі Н. Сэроджав [1, 32-42 бб.], чех зерттеушісі Л. Йислдер [1; 355] ғылыми еңбектерін ұсынды. 1976-1989 жылдары еліміздің белгілі археологі Қ. Сартқожа Күлтегін ескерткішінің мәтінін қолмен көшірумен бірге, мүсінтастарын арнайы зерттеп, маңындағы жанама кешендерінің жалпы сызба жоспарын қағаз бетіне түсірді. Жапон ғалымдары 1990 жылдары Күлтегін ескерткішінен каучукпен эстампаж алып, Монғолия мен Қазақстан мұражайларына оның көшірмесін жасап берді. 1998-2001 жылдары Түрік Республикасының ТИКА қоғамдық қорның қаржысымен жаңғырту, қорғау жұмыстары жүргізілді. 2001 жылы Күлтегін ескерткішінің Жапонияда ең озық технологиямен жасалған көшірме нұсқасы мамыр айының 18 күні Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетіне әкелінді. Сол күннен бастап күнбе-күн еліміздің түкпір-түкпірі мен шетелдерден келіп-кетіп жататын Астана қонақтары бұл ескерткішпен жақыннан танысуға мүмкіндік алды. Ескерткіштегі қытайша жазбаның көшірмесі осы жолдар авторы тарапынан компьютерде теріліп, толықтырылып жайымның қақ төріне қойылды.

Қазақстан тарапынан Көше-Сайдамдағы Күлтегін ескерткіші тұрған жерге үкіметтік делегация мен ғылыми экспедиция бірнеше рет барып, жалпы Орхон ескерткіштері кешендерін зерттеу, жаңғырту, олардың

бастыларының көшірмесін елімізге әкелу тұрғысынан көптеген жұмыстар істеді. Бірақ еліміз ғалымдары нақтылы археологиялық қазу жұмысына әлі араласа алмай келеді. Бұл жөнінен 2000 жылдан бастап Монғолия мен Түркияның біріккен экспедициясы Күлтегін, Білге қаған кешендерінде толықтай қазба және зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Өз кезінде Күлтегін кешен құрылысы айтарлықтай аумақты алып жатқан. Оған бүгінде жұқанасы ғана қалған, жалпы көлемі 82.8 x 48.0 м. болып келетін кешеннің аумағы куә. Археологтардың зерттеуі бойынша, кешеннің сырты ормен қоршалып, қалыңдығы 110 см. қорғанмен көмкерілген. Оның ішкі жағында айланба дәліз жол, жолдың ішкі жағында тағы да жер тағанынан 1 метр көтеріліп жасалған киелі кешен (тасаттық) алаңқайы тұрғызылған. Ескерткіш кешеннің негізгі атрибуттары осында қойылған. Шығыстан батысқа қарай тізбелесек, айланба қорғанның шығыс жағындағы дарбаза алдына шығыс-батыс бағыт бойынша қатарынан үш балбал қойылған. Дарбазадан кіре бере дәл қарсыда бас балбал, оның екі жағына тағы да екі балбал қойылған. Одан ары жерден көтеріліп жасалған тасаттық алаңы басталады. Тасаттық алаңына шыға бере жолдың екі жағында бір біріне қаратып екі біртей қойтас қойылған. Қойтастардан өте бере жолдың қақ ортасына түрікше және қытайша жазулар жазылған Күлтегін ескерткіші орналасқан. Ол алып тасбақаның бейнесі сомдалған тұғыртастың үстіне қойылған.

Ескерткішті айналып, оның арт жағына өткенде жолдың екі жағында төрттен тағы да 8 мүсінтас қойылған. Мүсінтастардан өткенде қарсы алдыдан сыртқы көлемі 10.4 x 10.8 м., түгелге дерлік күйдірілген қызыл қыш кесектен өрілген төрт бұрыш барықтың есігі ашылады. Ол екі қабаттан тұратын қалыңдығы 65 см. болып келетін қос қабырғадан тұрғызылған. Қабырғалардың арасы кісі жүретін айланба дәліз етіп жасалған. Барықтың ішкі қабырғасы көк қыш кесектен тұрғызылған. Қос қабырғалы барықтың төр жағына Күлтегін мен ханымының мүсіні қойылған. Одан ары жол жоқ. Тек барықтың ту сыртына дарбазамен бір түзу сызық бойына крест формалы тутұғыр (ту шаншып қоятын тас), одан ары Бөд тәңірінің символы болған текшетас қойылған. Барықтың барлық қабырғасы күйдірілген қыш кесектен қаланып, іш пен сырты сыланған. Сыртын қызыл түспен бояп, фасадына айдағардың маскасы бейнеленген керамика пластиндермен әшекейлер қойылған... Барықтың ішкі қабырғаларына әр түрлі түс пен өсімдік бейнелі шытыра гүлді өрнектер салынған [3]. Барықтың ішінде екі кісінің мүсіні гранит тастан қашап орналастырылған. Бірнеше қабат төсеніш іспетті етіп бейнеленген тұтас граниттің үстіне Күлтегін мүсіні отырған қалпында сомдалған, сол жағында құдды сондай қалыпта ханымының мүсіні қойылған.

Ол екеуінің алдына көлемі 136 x 36 x 30 см. гранит ақыртас қойылып, оның үстіне сый-сияпат асы салынған ыдыс орналастырылған.

Кейіннен археологтар дәл осы гранит тастың астынан Күлтегін мен оның ханымының көмілген бас мүсіндерін тапты. Бұл байрғы түркі еліне қағанат жаулары тарапынан істелген іс әрекеттің бір белгісі. Барықтың есігінің алдына қолына шарыш ұстаған әйел мен аса таяқ (жезл) ұстаған еркек мүсіні қойылған. Олардың алдыңғы жағындағы мүсін қос қолын кеудесіне ұстап, құрмет тұтып отырған күйінде сомдалған. Кешен ішіндегі еден мен тасаттық аллеясына түгелдей көк түсті қыш кесектер төселген. Кешеннің шығысына қарай 2200 м. жерге дейін жалпы саны 173 балбал қатарынан сап дүзеп тұр.

Осында археологиялық қазба жұмысын жүргізген В.В. Радлов: «Қытай императорның жылнамасында белгіленгендей, мұнда кішкентай барық орнатылған. Бұл кешенге хан мүрдесі жерленбеген. .. Қайтыс болған түркі бектеріне арналған ескерткіш кешендерде қабір қойылмаған. Еске алу, тасаттық беру, құрбан шалу үшін арнайы ескерткіш кешендер орнатылған. Ол қабірден алыс болған» [4, с. 144] дейді. Сондықтан бір кезде осы Күлтегін кешенін оның қабірі ретінде қарап, одан қағанның мүрдесін іздеген ғалымдардың еңбегі еш болған еді. Демек, Күлтегінге арналған бұл орын қабір емес, тек қана оның рухына арнап жасалған ескерткіш кешен. Бұл кейін келе түріктердің бас иіп, мінәжат ететін, тасаттық беретін киелі орнына айналған. Сондықтан осында келушілер үшін Күлтегіннің тірі кезіндегі істеріне мадақ айтылған арнайы мәңгітас (ұстын) орнатылған. Маңдайында серке таңбасы бар сол мәңгітас өз кезінде беті Күлтегіннің және ханымның мүсінтасы қойылған барыққа қаратылып, алып таспақаның үстіндегі ұңғыға орнатылған. Тәңір текті қаған әулетіне арналған киелі орындардың ұстынын тасбақа бейнесіндегі тұғыртасқа отырғызу дәстүрі Алғашқы Түркі қағанатынан бастап қалыптасқан дәстүр еді. Көне түріктердің дүниетанымында бақатас мәңгіліктің символы болған.

1888 жылы Цин империясы гуансуй жылнамасының 14 жылы қазан айының 19 күні Қытай саяхатшысы Мю Юсунь (繆祐孫) Ресейге сапар шегіп, Иркутскіге барады. Ол өзінің «Ресейге сапар күнделігінде»: «Ядринцев келіп амандасты, бұл адам көне заман тарихын зерттеуші екен, Юань дәуіріндегі Қарақорым қаласының орнын біледі екен» деп жазды [98]. Қытай тарихшысы өз сапарында тілге тиек еткен бұл адам Күлтегін ескерткішін алғаш тауып, оны ғылым әлеміне паш еткен, Сібір халықтарының этнографиясы мен тарихи-археологиялық мұраларын терең зерттеуші атақты ғалым Н.М. Ядринцев болатын. Ол Мю Юсунмен кездескен соң, келесі 1889 жылдың көктемінде Иркутскідегі Шығыс Сібір географиялық қоғамының

тапсырмасымен Орталық Монғолияға сапар шекті. Экспедицияның мақсаты — Монғол империясының астанасы болған Қаракорым қаласының орнын анықтау және онда археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу еді. Зерттеу нәтижесі бойынша Н.М. Ядринцев 1890 жылы қаңтар айында Мәскеуде өткен VIII кезекті халықаралық археология конгресінде өзі жинақтаған экспедиция материалдары негізінде баяндама жасады.

Осыдан соң 1890 жылғы Фин зерттеушісі А.О. Гейкель мен 1891 жылғы ресейлік В.В. Радлов экспедициялары жасақталды. Осы экспедиция материалдары негізінде 1892 жылы А.О. Гейкельдің Орхон ескерткіштері туралы атласы жарияланды [5]. А.О. Гейкель Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбаны орыс синологі П.С. Поповқа алғашқы шартты аудармасын жасатып, кешеннің кімге арналғанын сәтті анықтады. Бұл аударма 200 жыл бойы әңгіме өзегіне айналып, тылсым болып келген жазулар б.з. VIII ғасырында билік құрған Түрік қағанатының мұрасы екенін анықтауға көмектесті. Ал Орхон бойындағы екі ескерткіш Түрік қағанатының қағаны Білге қаған мен оның інісі Күлтегіннің құрметіне қойылған мұралар болып шықты. Ізінше, Ресей ғалымы В.В. Радловтың «Атлас древностей Монголии» атты еңбегі де 1892 жылы баспадан шықты.

М. Ядринцев пен А.О. Гейкель экспедициялары жинақтаған материалдар, В.В. Радловтың атласы құпия жазудың кілтін ертерек табуға мүмкіндік берді. «Өйткені бұл ғалымдар сол заманғы ғылымның ең соңғы мүмкіндігін пайдаланып, литографиялық көшірме жасап, эстампаждар алды. Онымен қатар құпия жазуы бар ескерткіштің екінші бетіндегі қытай иероглифтері руна жазудың құпиясын ашуға негіз болды. Нәтижесінде ғылым әлемінде мысырлық көне жазудың кілтін тапқан әйгілі Гротефенда мен Шамполлионаның есімдерімен қатар аталатын үшінші адам туды» [6, 13-14-бб.]. Дания азаматы, Копенгаген университетінің профессоры, тіл ғылымының ерекше білгірі В. Томсен, атлас түріндегі экспедиция материалдарын зерттей отырып, Орхон ескерткіштеріндегі құпия жазудың кілтін ашты. Бұл үшін ол Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбадан «түрік» (тукю — 突厥), «Күлтегін (闕特勤) т.б. сөздердің қытайшасын тауып алды. Сол арқылы зерделей келе 1893 жылы желтоқсан айында құпия жазудың сырын бір жолата ашып берді.

Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбаның тұңғыш аудармасын 1892 жылы фин ғалымы Г. Габленц жасады [202]. Одан соң 1896 жылы В. Томсен Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінің латынша транскрипциясы мен французша аудармасын ұсынған кезде кітабының соңына Е.Х. Паркер аударған Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбаның ағылшыншасын қоса берді [8]. Г. Шлегель де Г. Габленцтің қателігін көрсете отырып, толық әрі

жаңа аудармасын жариялады. Г. Шлегельдің аудармасын пайдалана отырып, орыс синологі В.П. Васильев 1897 жылы Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбаны орыс тіліне аударды [9, с. 1-36]. Бірақ бұл аудармалардың бәрі қателіктен кенде емес еді.

Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазба сол кездің өзінде көзден таса болып кету қаупінің аз-ақ алдында тұрған. Өйткені оны қорғауға алатын ешбір мелекет немесе халықаралық ұйым жоқ болатын. Дала төскейінде мың жылдан астам уақытты артқа тастаған ғажайып ескерткіш тек бойындағы киесімен ғана өз-өзін сақтап қалған еді. Бұл кезде табиғи факторлардан гөрі оны жоқ қып жіберуі мүмкін адами факторлардың қаупі күшті еді. Қалай дегенде де, аталмыш ескерткіштің ХХ ғасырдың басына дейін ғылым әлеміне белгілі деңгейде жария болып үлгіруінің өзі де қуанарлық жағдай еді. Сол қатарда ондағы қытайша жазба да белгілі деңгейде аударылып үлгерді.

Арада ұзақ замандардың өтуіне қарамастан, қытайша жазбаның сақталу деңгейін жақсы деуге болатындай еді. Онда өшіп қалған немесе танылмай қалған иероглифтердің саны аз болатын. Бұл жағдай оны толық мағынасында оқып шығуға мүмкіндік берді.

Қытайша жазбаның жоғары жағына «故關特勤之碑» деп үлкен иероглифтермен екі қатар етіліп, қытай хаткерлерінің кайшу (楷書) үлгісінде жазылған. Ал тұтас жазба лишу (隸書) үлгісінде жоғарыдан төменге, оңнан солға қарай жазылған. Жалпы 14 жол, әр жолы 36 иероглифке арналған. Негізгі жазбадан басқа оң жақтан жоғарыдан екі жол қалдырып, лишу үлгісімен тағы да «故關特勤碑» деген 5 иероглиф жазылған. Одан төмен кайшу үлгісінде «禦製禦書» (Патша ағзам жасатқан, жаздырған) деген 4 иероглиф жазылған. Жазба соңына 大唐開元廿年歲次壬申七月辛醜朔七日丁未建 — «Ұлы Таң патшалығының Кайюань жылнамасының 20-ыншы жылы шілденің 7-інші жұлдызы (20.08.732) тұрғызылды» деген сөздер жазылған.

Ал Қытай мемлекеті бұл кезде тарихи ескерткіштерді зерттеу жағында еуропалық жаңаша әдістерді әлі меңгере қоймаған. Оның үстіне, қытайлық дерекнама ежелден келе жатқан феодалдық ордалық тарихнама дәстүрінен ажырай қоймаған. Сонымен қатар, Орхон ескерткіштері тұрған аймақ әкімшілік тұрғыдан Цин империясының құзыретінде болғанымен, мұнда келуші басқақтар ескерткіштердің ғылыми мән-маңызын жете түсінбеді. Сол себепті, тек хабарлама сипатты, ойжота пікірлерін ғана ұсына алды. Олар ең әуелі бұл ескерткіштерді Қытай императорның осы өлкеге болған үстемдігінің белгісі деп түсінді. Сол тұрғыдан аталмыш ескерткіштерге маңыз беріп, оны қытайлық зиялы қауымға ертерек жеткізгісі келді. Еуропалықтардың бұл ескерткішке неліктен зор маңыз беретіні оларды

қызықтырмады. Тастағы түрікше жазбаны былай қойғанда, қытайша жазбаның жазылуындағы тарихи себептер, оның мазмұны мен сол мазмұнға қатысты тарихи оқиғалар жөнінде тереңдей зерттемеді. Сондықтан ескерткішті зерттеуші өзге елдердің ғалымдары туралы деректер тым шамалы болды.

Жоғарыда тілге тиек етілген Қытай саяхатшысы Мю Юсуннің Иркутскіде Н.М. Ядринцевті кездестіргенінен басқа, Ван Цзиньанның «Гуантан жинағында» (觀堂集林) сол кезде Орхон ескерткіштерін зерттеп жүрген В. Радлов туралы шағын ғана дерек бар. Аталған кітаптың «Тоғыз оғыз қаған ескерткішіне түсініктеме» атты бөлімінде былай делінеді: «Гуансуйдің 19 жылы (1894 ж. – ав.), Ресей елшісі Касини (喀西尼) Радловтың кітабын уэзараттың мемлекет істері басқармасына алып келіп, қарап беруімізді өтінді. Сол кезде Цзясиндық Чэн И-ань (沈乙庵) мырза аударып шығып, Күлтегін, Білге қаған ескерткіштері екенін айтып, осы ескерткішпен қоса олар жөнінде үш түрлі түсіндірме жазып, орыс елшісіне қайтарып берді. ...кейін Чжижуй (志銳) Ұластайдың санғұны болып тұрған кезде Күлтегін ескерткішінің эстампжын алып, оны патша жұрағаты, дархан, білім санаткеріне (Чэнюйге —盛昱) берді. Білім санаткері оған түсіндірме жазды. Чэн мырза бұл жөніндегі жазбаларды оған қайтарып бергеннен кейін, осы күнгі адамдар Күлтегін ескерткіші деп аталатын ескерткіштің бар екенін біле бастады» [10, 513-б.].

Сол кезде Қытайдың Ресейде тұратын елшісінің аты Суй Цзиндэн (許景澄) еді. В. Василев одан Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбаны түсіндіріп, әрі аударуға көмек қолын созуды өтінді [11, 71-б.], әрі оның көмегімен жасалған аудармасын 1894 жылы В. Радлов «Die altturkischen Inschriften der Mongolei» атты еңбегінде пайдаланды [12, 167 б.]. Кейін, В.Василевтің қытайша жазбаға жасаған аудармасы 1897 жылы оның «Китайские надписи на Орхонских памятниках в Кошо-Цайдаме и Карбалгасуне» деген кітабына енгізілді [9].

Кейін Цин патшалығының Құлында (Ұланбаторда) тұратын ұлығы Сан До (三多) сырт аймақтарға жасаған сапарының бірінде Күлтегін ескерткішіне жолығып, ондағы жазбалардың эстампжын алады. Сандо сол кездегі «Әдебиет-көркем өнер» (文藝雜誌) журналының №8 санында «Күлтегін ескерткіші туралы» деген мақала жариялады. Журналдың бұл санының шыққан уақыты (жылы, айы) белгісіз. Бірақ аталмыш мақаланың мазмұнынан қарағанда суантун жылнамасының 3 жылы, яғни 1911 жылы жарық көрген болуы әбден мүмкін. Өйткені Сан До осы мақаласында өзі туралы айта келіп: «гэнсюй жылы (суантунның 2-інші жылы, яғни 1910 жыл) Құлында басқак

болып тұрдым. Келесі жылы тағы да 200 дана эстампаж алдым» дейді. Мақалада тағы да: «Иелучжудан бері қарай елдер мұны сирек көрген. Тек ресейлік Банида (八尼達) және Цзян Ань (薑龔) генерал бірінен соң бірі байқады. Еліміздің іші-сыртындағы әдеби қауым әр түрлі болжам айтуда. Бірақ ескерткіштің артқы тарабы мен екі жанында қазірге дейін жетпеген түрік жазуы ойылған. Әдеби қауымға таныстыру үшін оның бәрін эстампажға алуға бұйырдым» [13, 590-б.].

Күлтегін ескерткішінің қытай жазуы қашалған жағына (ұстынның оң жақ төменгі тұсына)» Сандо 1911 жылы ұстынның сыртына кесене тұрғызып қорғадым» деген қытай жазуын жазғызады. Сол беттің бір бұрышына «1911 жылдың тамыз айында Хуанпо өлкесінің тумасы Цин И ресми қызмет бабымен жүріп көрдім» деген жазу қалдырған. Қ. Сартқожаның жазуынша 1912 жылы Ресей ғалымы, поляк В.Л. Котвич Монғолияға жасаған сапарында Күлтегін ескерткішінде болып, оның орналасуына барлау жасап, алғашқы қойылған бейнесі өзгермеген деген қорытынды жасай келіп, бұл кешенге 1911 жылы Монгол астанасы Дахүреде отырған Қытай үкіметінің губернаторы Сандо-амбанның бұйрығымен қалтқы жасалып, қорғауға алынғаны жөнінде толық мәлімет қалдырады [6, 21-б.]. 1911 жылы губернатор Сандо-амбан тұрғызған қоршау да кейіннен құлаған. 1957-1958 жылдардағы археологиялық қазба жұмысы кезінде ол тұрғызған кесененің сынықтары мен төбе қыштары бұрынғы қыштардан ажыратылып, бөлек қойылды. Сол кезде 732 жылғы қыштар мен 1911 жылғы қыштардың құрамы мен сыртқы пішімі мүлдем басқаша екені анықталған [6, 159-б.]. Бұдан ХХ ғасырдың бас кезінде Монғолияда болған Цин үкіметі ұлықтарының аталмыш киелі тұрақ пен ондағы тас ескерткіштерге айрықша маңыз беріп, оларды қорғауға алуға ниеттенгенін көруге болады.

1929 жылы қазанда Хуан Чжунциннің (黃仲琴) «Күлтегін ескерткіші» атты мақаласы жарық көрді. Онда бұдан алдын Ли Вэньтяннің (李文田) «Қаракорымдағы бағалы тас ескерткіш» (和林金石錄) атты мақаласында басылған Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбаның мазмұнын таныстыра келіп, оған кейбір түсініктер берген [14, 14-б.]. Сондай-ақ, Сан Донның «Күлтегін» дегендегі қытайша «цуэ» (Que—闕) иероглифін “эр”(er—貳) деп қате оқығанын атап көрсетеді [15, 24-36 бб.]. Бұдан соң Хуан Чжунцин аталған апталықтың №10 (жалпы 120) санында «Тағы да Күлтегін ескерткіші туралы» (再談闕特勤碑) атты мақала жариялап, ескерткіштің қытайша бөлігіне қатысты біраз деректер берді [16, 41-53-бб.]. Кейін Күлтегін, Білге қаған ескерткіштеріндегі қытайша жазбалардың фото көшірмесін ешқандай түсінік берместен жария етті [17; 30]. 1934 жылы Юэ Цзя-цзао (樂嘉藻) атты

ғалым «Қаракорымдағы Тан дәуіріне тән үш ескерткіш» (和林三唐碑記略) атты мақала жариялап, Күлтегін, Білге қаған, Орда-Балық ескерткіштерінің қашан, кімдердің атына қойылғандығы туралы зерттеу жүргізді [18].

Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбаны бірінші болып және ең соңғы рет зерттеген қытай ғалымы Цын Чжунмянь. 1934 жылы «Фучжэнь ілімі» альманағына жариялаған «Түрікше Күлтегін ескерткішіне түсіндірме» атты мақаласында ол аталмыш жазбаға қысқаша талдау жасап, Луо Чжэньюй (羅振玉) реттеген «Қаракорымдағы алтын тас ескерткіші» (和林金石錄) мен Лин Муцзиу қайта бастырған Чэн юйдің (鈴木吉武重刊盛昱本) «Күлтегін ескерткішінің түсіндірме нұсқасын» (闕特勤碑釋文) салыстыра отырып, иероглифтерді қате қолданудан кеткен көптеген қателіктер табады және оларды түзетеді. Ол сонымен бірге финдердің (Г. Габленц) аудармасын да көргенін, онда қателіктің көп екендігін көрсетті [19, 98-116-бб.].

Қалай болған күнде де, Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазба ХІХ ғасырдың соңынан бермен тарихшылардың назарында болып келеді. Бүгінге дейін жазбаның фин ғалымы Г. Габленц, Е.Х. Паркер, неміс ғалымы (кейде голландиялық делінеді – авт.) Г. Шлегель, орыс синологі В.П. Васильевтің аудармалары мен қытай ғалымы Цын Чжунмянның фин нұсқасына жасаған түзетуі бар. Бұл аудармалар мен жазбаға жасалған түзетулер біздің Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбаның анағұрлым дәл, ғылыми аудармасын жасауымызға көмектесті.

Жазбаның мән-мағынасын, ондағы атау-терминдерді тереңірек талдау үшін ең әуелі жазба өмірге келген дәуірмен, нақтылы тарихи оқиғалармен, Күлтегіннің жеке басына қатысты тарихи жағдаяттармен терең танысу керек.

Таң хандығы Тан Тайцзун патшаның кезінде қанатын кеңге жайып, империя дәрежесіне көтерілді. Ол бұдан 80 жыл бұрын батыс пен шығыс әлемінің ортасында еңсе көтерген айбатты Түркі қағанатын жою мақсатына ақыры қол жеткізді. Оның және одан кейінгі император Тан Гаоцзунның кезінде Түркі қағанатының шығыс қанаты, одан соң батыс қанатының едәуір бөлігі Таң империясының қол астына қарады. Бұл процесс қандай да бір мемлекеттің (патшалықтың) өзінің дәстүрлі территориясы үстінен егемендігін қалпына келтіруі емес, шын мәніндегі жаулаушылық әрекеті еді. Соның нәтижесінде түркі халқы мемлекеттілігінен айырылып, тоз-тоз болды. Таң мемлекеті олардың тайпа ақсақалдары мен әскер басыларын, түрлі дәрежедегі ұлықтарын алма-кезек қолдап, сол арқылы бір-біріне қайрап салып отырды. Ұзақ уақыттық жаугершілік пен ішкі тұрақсыздық, берекесіздік салдарынан түркі қағанатына тән өңірдегі халықтың күн көрісі күннен күнге қиындай түсті. Күлтегін (闕特勤 686-731) екінші Түркі

қағанатын құрушы Елтеріс-Құтлық (頡跌利施) қағанның екінші ұлы, Білге (毗伽) қағанның інісі. Екінші түркі қағанатын құруға атсалысқан белді қолбасылардың бірі. Ол 16 жасында, яғни 702 жылы Алты баулы Сұғдаққа (六胡州) (1) қарасты Идүк Баш (聖泉) деген жерде Тан империясының Ван тұтық (王都督) (2) бастаған 50 мың қолын жойып, Ванның өзін тұтқынға алады. 706 жылы ол ағасы Можиянь (Беглен немесе кейінгі Білге қаған) екеуі түркілердің маңдай қолын бастап Хуанхэдан өтіп, Тан империясының астана байтағы Чан-анге төнеді. Линчжоу (靈州) аймағының Минша (鳴沙) деген жерінде Тан санғұны (генералы) Шачжа-Чжунидің (沙吒忠義) (3) он мыңнан астам адамын ойсырата жеңеді. Сондықтан Танның ішкі жарлауылы (謁者令) Чжан Юэ ол туралы айта келіп: «Күлтегін ержүрек, соғыс өнеріне шебер, теңдессіз жан», – дейді (舊唐書, 一百九十四卷).

Бұдан соң Таң ордасы түріктерді үзілді-кесілді жою үшін ең әуелі олардың көршілерін өз тарапына тартуды көздейді. Сол мақсатта 709 жылы түркештерге және қырғыздарға елші жіберіп, астыртын тіл біріктіріп, түріктерге шығыс, батыс, солтүстік бағыттан шабуыл жасауды жоспарлайды. Бірақ 710 жылы көктемде Таң ордасының ішкі бөлігінде болған саяси өзгеріс себебінен бұл жоспар біразға кешеуілдеп қалады. Оның үстіне, осы тұста билік басында болған түріктердің Қапаған (Елтеріс қағанның інісі, Бүгчор – 默啜 қаған деп те аталады) қағаны жаңадан таққа отырған император Тан Жуэйцзунға (唐睿宗) елші жіберіп құда-андалы болуды өтінеді. Таң ордасы бұл өтінішті қабылдап, Цзинь-сян патшайымды (金仙公主) оған ұзатуға келіседі. Бірақ Қапаған қағанның көздегені – тандықтарды осылай бейғам жағдайға келтіру арқылы олардың одақтасы қырғыздар мен түркештерді қапыда басып қалу болатын.

Осылайша, 710 жылы Қапаған қаған солтүстікте Көгмен тауының (4) батысын мекендеген қырғыздарға жорық жасап, оларды бағындырды. Одан соң ордаға қайта оралып, баласы Бөгу қағанды бас қолбасшы, Туй-ұқұқты ақылшы (5), Білге қаған мен Күлтегінді маңдай қолды бастайтын атойшыл сардар етіп, түркештерге қарсы аттандырды. Бұл ретте олар түркештерді де қапысыз басып, одан әрі Темір-қапыққа дейін жетті. Бұл дәл Араб жаулаушысы Ибн Құтайбаның Орта Азияға бағытталған жорығы сәтті жүріп келе жатқан кез еді. В.В. Бартольд 712 жылғы Самарқанд патшасының Таң ордасына жолдаған хатына сілтеме жасай отырып, жергілікті билеушілердің Түркі қағаны мен Таң ордасынан арабтарға қарсы көмек сұрағанын жазады [20, 13-б.]. Э. Шаванн те Күлтегіннің соғды аймағына дейін жорық жасағанын растайды [21, 265-б.].

Осы жылы (712) Тан императоры Ли Дан (Тан Жуэйцзун) тақтан түсіп орнына ұлы Ли Лунци (李隆基) отырды. Бұл кісі – Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазбаны жаздырған император Тан Суанцзунның (唐玄宗) өзі болатын. Ол бейбітшілік тарапында болғандықтан соғысты тоқтатып, түркілермен құда-андалық байланысты одан ары жалғастыра беруді қуаттайды. Сөйтіп, 714 жылы екі жақ Чан-анде бейбітшілік жайында келісімге келеді. Бірақ келісім жасалып жатқанда Қапаған қағанның тағы бір ұлы Тоңа тегін (同俄特勤) Тан қоластында тұрған Бесбалыққа шабуыл жасайды. Бірақ қытай әскерлерімен болған соғыста оның қолы жеңіліп, өзі тұтқында өледі. Сол жылы Жетісу мен Тянь-Шань алқабын мекендеген батыс түркі тайпалары Түркі қағандығына қарсы дүрбелең бастайды.

715 жылы қарлұқтар мен оғыздар және тоғыз теле тайпалары да Түркі қағандығына қарсы шығады. Түріктер оларға неше мәрте жаза жорығын жүргізеді. 716 жылы сол қатарда бүлік тудырған теле тайпаларына тән байырқуларға қарсы жаза жорығын жасап, жеңіспен қайтып келе жатқан жолында Қапаған қаған абайсызда жол торыған жауларының қолынан мерт болады. Қапаған қаған өлгеннен кейін, орнына үлкен ұлы Бөгу (小可汗匐俱) отырып, өзін Инел қаған деп жариялайды. Бірақ бұған наразы болған Құтлық Елтерістің екінші ұлы Күлтегін ордаға басып кіріп, оның басын алады. Жеңіске жеткен ол қағандық орынға өзі отырмай, ағасы Можилиянға (Беглен (6) 默棘連) жол береді. Бұл туралы қытай дерегінде былай делінеді: «Бөгі чордың баласы Кіші қаған (Бөгу) таққа мұрагерлік етті. Бөгі чордың ағасы Құтлықтың баласы Күлтегін оны өлтірді. Өз ағасы сол білге хан Бегленді қаған тағына отырғызды. Білге қаған дегеніміз, міне, осы». Сөйтіп, билік Елтеріс Құтлық қағанның балаларының қолына өтіп, Можилиян (Беглен) тарихта Білге қаған деп аталды [22, 6719-б.].

Ол билік басына шыққан соң да елдің саяси жағдайы бірден орныға қоймады. Әуелі оларға қарасты түркештер Таң патшалығының демеуімен өз алдына қандық құрып, қытандар мен татабылар салық төлеуден бас тартты. Оларға оғыздардың қарсылық әрекеттері қосылып, мемлекет әлі де болса ішкі-сыртқы жаулар тарапынан төнген қауіп астында тұрды. Мұндай жағдайда, Білге қаған өзіне көпті көрген қайын атасы Түй-үкүқты ақылшы етіп тағайындап, інісі Күлтегінді қалың қолдың бас қолбасшысы етіп белгілейді. Нәтижеде жауларының көбі тізе бүгіп, одан қалғаны Таң қоластына қарап кетеді. 718 жылы Таң империясының Тәңірқұт басқақтығына қарасты түркі тайпалары империяның өздеріне сенімсіздік білдіріп қару-жарақтарын жинап алғандығына наразы болып Түркі қағандығына қайта қосылды. Осы тұста Білге қаған екі ел шекарасына

орналасқан оғыз, қарлұқ тайпаларының бір бөлігін өзіне бағындырмақшы болып келген кезде Таң әскерлерімен шайқасып қалады. Бұл жолы ол Түй-ұқұқтың ақылымен дереу кейін шегінгендіктен, үлкен қантөгістен аман қалады. Артынша Таңға елші жіберіп бейбіт қатынас орнатуды талап етеді. Сондай-ақ, батыстағы түркештермен де бейбіт өту мақсатында олардың қағаны Сұлумен (蘇祿) кұдаласып, өз қызын оның ұлына береді әрі оның қызын өз ұлына алып береді.

Дегенмен, осы кезде Таң ордасында соғысты жақтаушылардың өкілі Ван Соның бастамашылығымен түркілерге қарсы тағы бір рет көлемді жорық жасаудың жоспары жасалып жатқан болатын. Ван Суо (王峻) өздеріне бағынған кейбір көшпенді тайпалардан атты әскер ұйымдастырып, оған Қапаған қағанның табғаштарға қашып келген ұлы Бек тегінді (墨特勤) бас қолбасшы етіп тағайындайды. Осы соғыста өздерін қолдау туралы теле тайпаларының бір тобы басмылдарға және қытан, татабыларға да елші жібереді. Осылайша түркілерді жан-жақтан қыспаққа алудың үлкен жоспары жасалады. Келісім бойынша, 719 жылы басмылдар күнібұрын Бесбалықтан аттанып уәделі жерге жетеді. Бірақ басқа одақтастары оларды көп тостырғандықтан амалсыз кері қайтады. Осы кезде арттарынан өкшелей қуған түріктер оларды Бесбалық қаласының маңында жояды. Бесбалықты алып қайта қайтқан түркілер Хэси дәлізі тараптан келе жатқан табғаштардың қалың қолын да жеңеді. Жолшыбай Лянчжоу қаласын да тас-талқан етеді.

Осы оқиғадан соң 721 жылы Білге қаған Таң ордасына тағы бір мәрте елші жіберіп, береке-бітім сұрайды. Бұл жолы Таң патшалығы оның талабын толығымен қабыл алады. Бірақ қытандар мен татабылардың тәуелдігі мәселесінде екі ел арасында пікір алауыздығы туылады. Түркілер қытандар мен татабылар бұрыннан өздеріне тәуелді болғандықтан бұдан кейін де оларды өз қол астыларында ұстағысы келеді. Бірақ аталған екі тайпа бұдан алдын табғаштарға бағынып, түркілердің өзіне қарсы шыққан болатын. Сол себепті Білге қаған 722 жылы қыста қытандарға, 723 жылы жазда татабыларға қарсы жаза жорығын жасады. Сол жылы қыстағы ауыр апаттан пайдаланған оғыздар түркілерге қарсы шабуылдап, соңында Күлтегін батыр бастаған түркі қосындарына төтеп бере алмай шегінді. Осылайша, түріктер Тан императорның келісіміне қарап жатпай-ақ қытандар мен татабыларды өзіне бағындырды. Арада біраз жыл бейбітшілікпен өтті. 727 жылы тибеттер түріктерге елші жіберіп, екі тараптан табғаштарға қарсы жорық жасауды өтінді. Бірақ бұл жолы түріктер тибеттердің табғаштарға қарсы ниетін Таң ордасына мәлімдеп қойды. Бұған разы болған Таң ордасы олармен қатынасын жақсартып, шекара саудасын жолға қойды.

Түркі қағанаты нығайып, шаруашылығы шалқыған кезде бұрындары Таң қоластына қарап кеткен түркі тайпалары қайта солтүстікке көшіп қағанаттың қол астына өтті. 729 жылы ұйғыр, чөбе, ізгіл, ғұн секілді теле тайпалары өз еріктерімен Түркі қағанатының қоластына қарады. 730 жылы қытандар мен татабылардың бір бөлігі Таң қоластынан шығып түркілерге қосылды. Бұл ру-тайпалардың Таң құзырынан шығып түркілерге қосылуы қағанаттың саяси-экономикалық негізін нығайта түсті.

Өкінішке қарай, Екінші Түркі қағанатының құрылуы мен кемелденуінде өлшеусіз үлес қосқан ірі әскери қайраткер, кемеңгер қолбасы Күлтегін 731 жылы 47 жасында, байырғы түркілердің күнтізбесі бойынша қой жылы 9-ыншы айдың 17-сі күні (Григориан календары бойынша 12-інші айдың 9-ы күні) қайтыс болды. Он күннен кейін оның сүйегі жерленді. Білге қаған Күлтегіннің қайтыс болғаны туралы хабар бере отырып, оған арнап киелі орын құрылысын тұрғызатын тас шеберлері мен бәдізшілерді жіберуді өтініп, Тан императорынан көмек сұрады. Ол туралы Күлтегін ескерткішінің түрікше мәтінінде Білге қаған атынан: «*meniñ sabıymın sumadı tabıaǵ qayanuǵ iǵreki bedizǵıg yt(t)u*» – менің сөзімді қайтармады (сындырмады). Табғач қаған (император) орда (iǵreki) бедерлеушісін жіберді» деген мәлімет қалдырған [6, 149-б.].

Бұл оқиғаны қытай деректері де растайды. Император Тан Сюаньцзун Күлтегіннің Түркі қағанатындағы лауазым орнына сай империяның армия қолбасшысының бірі, сартаяқ санғұн (金吾將軍) Чжан Цуй-и басшы (7), патшаның сенімді қолқанаты, ланчжун (басқауыл—郎中) дәрежелі мансапты (8) Луй Сянді (呂向) (9) қосшы етіп және орда шеберлерінен алты адамды қосып, өз атынан Білге қағанға қазанама жібереді. Бұл туралы «Көне Тан кітабында» былай делінеді: «Кайюанның 20-ыншы жылы Күлтегін қайтыс болды. Сартаяқ санғұн Чжан Цуй-и, әділет басқауылы Луй Сяндарға мөрлі хатпен барып аза тұту және оған арнап мәңгітас орнату жөнінде жарлық түсті. Мәңгітастың жазуын патшам өзі жазды, оған кесене тұрғызылды, тастан балбал қойылды, төрт қабырғаға оның майдандағы ерлігі қашап түсірілді» [23]. Күлтегін мәңгітасының қытайша бетінде» Патша ағзам жасатқан, жаздырған» (禦製禦書) деген сөздің тұруы да сол себептен. Ал жаңа «Тан кітабындағы» дерек мұны одан әрмен толықтай түседі: «(кайюанның) 19-жылы Күлтегін қайтыс болды. Патша таңбасы басылған жарлықты ала барып көңіл айтуға сартаяқ санғұн Чжан Цуй-и, әділет басқауылы Луй Сян жіберілді. Патша өз қолымен құлпытасына арнау жазды. Кесене тұрғызу, суретін ойып түсіру, төрт қабырғаға соғыстағы ерліктерін қашату жұмысына алты бәдізші жіберу туралы жарлық түсірді. Сурет

оюлардың айнымай дәл сызылғаны сонша, олардың елінің тарихында мұндай өнер туындысы ешқашан да болып көрмеген еді. Білге қаған әр жолы барып қайтқанда оны көріп қайғырып жылаушы еді» [24].

«Кітап сарай ғибратнамасында» Күлтегіннің қайтыс болғаны жөнінде нақты дерек бар: «төртінші айдың синь-сы (辛巳) күні (жаңаша жыл қайыру бойынша: 13.05.731) Түрік қағанының інісі Күлтегін қайтыс болды. Патша (Тан Суанцзун) жарлық түсіріп, аза тұтып былай деді: патшаның Түрік Білге қағаннан білуінше, олардың мемлекеті орнығып, халқы тынышталыпты, (бүгінде) мейірімге қайырым жасап, алыстап кетпей, бейбітшілік ниетін білдіруде. Бұл олардың жанын жай таптырып, бізбен бірге ізгілік жолына түсті. Зұлымдықтың бәрі ауыздықталды, мұндайда қол ұшын бермесе бола ма? Оның үстіне, қаған көптен бері адалдығын әйгілеп, кең пейіл танытып, береке бірлікке үндеп келеді. Басына түскен ауыртпалықтан оның жаны жабырқаған. Бүгінде Күлтегіннің жерлеу мүрәсімі әлі бітпегенін естідім, мұндайда қормалдығымызды танытып қоюымыз керек. Достық пен сүйіспеншіліктің тереңдігін, отбасы мен мемлекеттің жақындығын, қаза бар жерде қайғының болатынын білдірмей қалай тұрамыз. Сондықтан адам және мал мүлік ажыратып, кісі жіберіп жерлеу мүрәсіміне қатысуды, арнайы сыйлықтар беруді ұйғардым» [25, 975 б.].

Тарихшы Қ. Сартқожаның есептеуінше, қазіргі қолданып жүрген күнтізбе бойынша 731 жылдың 9-ыншы желтоқсан күні Күлтегін қайтыс болып, 19-ыншы желтоқсан күні мүрдесін жөнелткеннен кейін, 10 күннің ішінде Күлтегіннің қайтыс болғандығы туралы хабар Таң ордасына жеткен. Император Тан Сюанцзун хабарды естісімен көп кешікпей көңіл айту хатын (қазанама) жазып, арнайы делегация аттандырған. Дәлірек айтсақ, Танның ка-юань жылнамасының (開元) 20 жылы 10-ыншы айдың 7-сі күні, біздің жыл санауымыз бойынша 731 жылы 29-ыншы желтоқсанда өкілін аттандырған. Іс жүзінде Түркі қағанатына аттанғандар саны бұл алты адаммен шектелмейтін. Олардың қатары нөкерлер, қорғаушы сарбаздар, атшы-құсшы, аспазшы деген сияқты бірсыпыра адам еді. Орхон бойына келген алты шебер Күлтегінге арнап орнатылған киелі кешеннің құрылысын жүргізу, барық (храм) қабырғасына Күлтегін жорықтарының суретін салу, ұстынға император өз қолымен жазған жазудың графикалық ерекшелігін сол қалпымен өзгертпей түсіру, мүсінтастарды жасап орнату сияқты жұмыстармен айналысты [26, 22-б.]. Ол туралы Білге қаған: «Не бір айтар сөзім болса мәңгі тасқа ұрдым. Мұны біліңдер... мен мәңгі тас тіктім. Табғаш қағаннан бедерші (мүсінші) келтірттім. Бедерлеттім. Менің сөзімді сындырмады (қайтармады). Табғаш қаған Орда бедершісін жіберді. Оларға

айшықтатып (сурет сыздырып), барық тұрғыздырттым.Тас қалаттым. Көңілдегі сөзімді жазғыздым» – дейді [6, 179-б.].

Кесене біткеннен кейін Білге қағанның Таңға елші жіберіп, рахметін айтқаны да «Кітап сарай ғибратнамасында» анық жазылған: «Түрік Білге қаған кайюань жылнамасының 21 жылы (733) қараша айында өз бас уәзірі Қамшаны (葛阿默察) сарайға жіберіп, 50 жылқы тарту етті, рахметін айтты. Білге қағанның інісі Күлтегін қайтыс болғанда, Білге шебер шақыртып, оның тірі кезіндегі істерін тасқа бәдіздеу үшін, тасқа сурет қашаушы шеберлерден алты кісі сұрады. Олар суретті салды. Суреттердің шебер салынғаны сонша, Түрік мемлекетінде бұрын-соңды мұндайды ешкім көрмеген. Білге әр жолы сол суреттерді көрген сайын, құдды бауыры қайта тіріліп келгендей болып, қайғырып көзінің жасын көл қылатын. Сол суретшілерді жібергенімізге енді рахметін айтып арнайы адам жіберіп отыр» [27, 999 ц.].

Күлтегін кешені байырғы түркі күнтізбесі бойынша мешін жылы 9-ыншы айдың 27-сі күні аяқтап, салтанатты түрде ашылады. Сондай-ақ, осы шарамен орайлас Күлтегіннің жылдығына арнап ас беріледі. Қазіргі қолданыстағы күнтізбе бойынша бұл 732 жылдың 19-ыншы қазанына тура келеді. Соған қарағанда, қытай шеберлері жарты жыл бойында осы кешенді тұрғызумен, әрлеумен айналысқан. Кешеннің ашылу салтына қытайлық Ликең (Луй Сян) қатысып қайтады. «Ликең» – түріктердің қытайлық елші Луй Сянді құрметтеп атауынан пайда болған сөз. Кісі атының бірінші буынына «-еке» немесе «-екең» жалғауын қосу арқылы құрметтеу мағынасын білдіру – қазақ арасында күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан дәстүр. Мысалы, Қалеке (Қалекең), Әбеке (Әбекең) т.б. Бұл дәстүр көне түріктерден бізге жеткен. Сол себепті, олар қытайлық Луй Сянді «Ликең» деп атаған. Күлтегін ескерткіші оң беті 12-жолға негізделгенде Ликең «бір түмен (десте) торғын, алтын, күміс есепсіз әкелген». Салтанатқа қидан, татабылардан Ударсенгүн, тибеттен Бөлен, батыстан Соғдылықтар, Бершекерліктер және Бұхардан Нең-сенгүн, Оғұл-тархан, Он Оқтан Мақырач-мөрші (Он Оқ қағанатының мөрін ұстаушы уәзір), Түркештен Оғыз Білге-мөрші, Қырғыздан тардұш Инанчу-чорлар қатысқан. Демек, Орхон бойында өткен Күлтегінді еске алуға арналған салтанатты шараға Азия төсіндегі ірі мемлекеттердің бірталайының өкілдері қатысқан. Бұл сол кезде Түркі қағанатының және оның қағандары мен батыр-бағландарының абырой-беделі тым жоғары болғанын көрсетеді.

Бұл жазба да үстінен астына бағытталған тік жолмен оңнан солға қарай жазылған. Жазбаның астыңғы жағындағы оңнан солға қарай берілген сандар әр жолдың ретін, ал сол жақта үстінен астына қарай берілген цифрлар әрбір жолдағы иероглифтердің рет нөмірін бейнелейді. Мысалы: (8.7) 賢 делінсе,

ол 8-жолдағы 7-иероглиф болып табылады. Ал егер (11.9—11.18): 用故製作 豐碑發揮遐邇 болса, 11 жолдың 9-иероглифінен 18 иероглифіне дейінгі бір бүтін мағына беретін сөйлемді құрайды. Одан кейін осы сөйлемнің аудармасы берілді. Кейде иероглифтер түсіп қалған жағдайда сөйлемнің мағынасы толық бірікпей қалатын тұстар да кездеседі. Ал □□□□ белгісі өшіп қалған иероглифтерді көрсетеді. Мұндай тұстар аудармада көп нүкте арқылы берілді.

Жалпы ескерткіш тастағы дерекке 504 иероглифтің (36x12) орны талданған. Жазбаның басында, ортасында және соңында әдейі қалдырылған орындарды қоса есептегенде, бүгінде өшіп қалған, сондай-ақ, орны бос қалған иероглифтердің саны – 79. Бұлардың ішінде 3.27-3.28 иероглиф патшаға құрмет ретінде арнайы қалдырылған. Бұған дейін ешкім, еш жерде осы бос қалған орынды толтыратын екі иероглифті ұсына алмады. Тастың өзінде де ешқандай иероглифтің ізі байқалмайды.

Төменде ұсынылып отырған жаңғыртпа нұсқа (қосымша Б) В. Васильев, А.О. Гейкель, Г. Габеленц және Г. Шлегель нұсқалары негізінде толықтанды. Мұнда қытай ғалымы Цын Чжунмяньның финдердің (Г. Габленц) нұсқасындағы қателіктерді көрсете отырып ұсынған нұсқа да пайдаланылды.

Төменде жазбаның жолма-жол аудармасы берілді:

故闕特勤之碑 Марқұм Күлтегін ескерткіші  
(Мәтінмен қосымша В-дан танысыңыз)

1.3—1.6 : 故闕特勤之碑 (10)

Марқұм Күлтегін ескерткіші

1.11—1.14 : 禦製禦書

Патша ағзам жасатқан, жаздырған (11)

2.1—2.8: 彼蒼者天罔不覆壽

Көгілдір Тәңірдің құшағына алмайтыны жоқ.

2.9—2.16: 天人相和寰寓大同

Тәңір (12) мен адам өзара тіл табысса ғана байтақ жерде ұлы бірлік (13) болады.

2.17—2.22: 以其氣隔陰陽陰陽

Олардың чи-і (күші, демі, құблыстары) арқылы инь мен ян бөлінеді (14).

2.23—2.28: 是用別為君長

Сол арқылы ерекше билеушілер мен қолбасылар шығады.

2.29—2.33: 彼君長者本

Олардың ел басшылары тегінде

2.34—2.36:

□□□(夏後之?)

(Сяхудың?) (15)

3.1—3.2: 裔也 әулеті еді.

3.3—3.10: 首自中國雄飛北荒

Алғашында Орталық мемлекеттен (Қытай топырағынан—Чжунгодан) шығып, кейін Солтүстіктегі тұз даланы (Бэйхуанды) еркін жайлаған (16).

3.11—3.18: 來朝甘泉願保光祿

(Кейін) патша ағзамға амандаса Ганшуан (17) өңіріне келіп, Гуаңлу бекінісін (18) қорғап тұруды өтінді.

3.19—3.26: 則恩好之深舊矣洎

Олар бұған әсерленіп алғыс айтты.

3.27—3.28: □□

(Патшаға құрмет ретінде екі иероглифтік орынды бос қалтырған) (19)

3.29—3.36: 我高祖之肇興皇業

Біздің Гаузу патша (20) патшалық ісін енді бастап жатқандықтан,

4.1—4.5: 太宗之遂荒

Тайцзун (21) патшаның кезінде ғана қыр өлкесін тыныштандыру мүмкін болды.

4.6—4.13: 帝載文教施於八方

Патша ағзамның кезінде қоғамдағы жақсы салт-дәстүрлер сегіз тарапқа (22) тарады.

4.14—4.19: 武功成於一德

Қосындардың жеңісі өнегелі іске айналды.

4.20—4.25: 彼國變故相革

Ал олардың мемлекетінде аласапыран жағдай туылып,

4.26—4.29: 榮號迭稱

бұрынғы ат-атағынан айырылды.

4.30—4.32: 終能代 Ақыры...ауысып, ...

4.33—4.36: 捧□□□

... уыста(ды)...(?)

5.1—5.5: 修邊貢爰逮

Шекара істері реттеліп (тынышталып), арамызда тарту-таралғы болып тұрды.

5.6—5.11: 朕躬結為父子

Мен өзім барып әке-баладай болып татуластық (23).

5.12—5.14: 使寇虐

Бұлап-талау мен зорлық-зомбылық жойылса,

5.15—5.18: 不作弓矢 садақ-жебені жасауды доғарып,

5.19—5.20: 載橐 қаруды қоймаға қойсақ,

5.21—5.24: 爾無我虞 сен мені алдамасаң,

5.25—5.28: 我無爾詐 мен сені алдамасам,

5.29—5.32: 邊鄙之不 шекарада

5.33—5.35: □(再?)□(侵?)□(擾?)

тағы да сұғанақтық болмаса (24),

5.36: 之

онда

6.1—6.2: 賴歟 жаман ба (25)!

6.3—6.15: 君諱闕特勤骨咄祿可汗之次子

Марқұм Күлтегін (сен) Құтлық қағанның екінші ұлы (едің),

6.16—6.24: 今必伽可汗之令弟也

осы күнгі Білге қағанның жақсы көретін інісі (едің).

6.25—6.30: 孝友聞於遠方

Әке-шешеге, досқа қайырымдылығың алыс жаққа тараған еді,

6.31: 威 айбатың ...

6.32—6.35: □(德) □(懾) □(於) □(簇)

(ақылың жалпақ жұртты бағындырды)(26)

6.36: 俗

Тегінде,

7.1—15: 斯豈由曾祖伊地米施匐積厚德於上

бұл ұлы аталарың Иетміш (27) бектің бойына мықтап дарыған,

7.16—7.20: 而身克終之 өмірінің соңына дейін апарған,

7.21—7.31: 祖骨咄祿頡斤行深仁於下

Құтлық тегін (28) бұлжытпай сақтаған игі қасиеттер болатын.

7.32—7.33: 而子

Ал (олардың) ұлдары мен немересі (ұрпағы)

7.34—7.35:

□(孫?)□(效?)

... ..(29)

7.36: 之

бұларды жалғастырды.

8.1—8.8: 不然何以生此賢也

Әйтпегенде, мұндай дана ұрпақ қайдан болсын.

8.9—8.14: 故能承順友愛

Сол себепті бұрыннан бар достықты өзің жалғастырып,

8.15—8.18: 輔成規略

заң-ережелер мен жоба-жоспарлар ретінде жүйелеп,

8.19—8.24: 北燮眩雷之境

солтүстікте суанлэйге (30) дейін тыныштық орнатып,

8.25—8.30: 西隣處月之郊

батыста чуюэлермен (31) көршілесіп,

8.31—34: 尊櫟梨之

Тәңір ағашын (мықан ағашын) (32) силадың.

8.35—8.36: □(皇?)□(命?)

Патша жарлығымен (33)

9.1—9.6: 受屠耆之寵任

тучи (34) деген даңықты атқа ие болдың.

9.7—9.12: 以親我有唐也

Көп ретте біздің Таң патшалығымен тату өттің.

9.13—9.23: 我用是嘉爾誠積大開恩信

Сенің адалдығың мен тындырған істеріңеді мадақтап риза болдым, сендім.

9.24—9.28: 而遙圖不騫

Көреген, кемел мұраттарың өзгермегенімен,

9.29—9.32: 促竟俄盡

өміріңнің қас қағымдай ғана болғаны

9.33—9.35: 永言悼

(мені) мәңгі қайғыртады.

9.36: □(惜?)

... ..(өкіндіреді?) (35)

10.1—10.4: 疾於朕心

Жанымды жаралайды.

10.5—10.12: 且特勤可汗之弟也

Оны былай қойғанда, Күлтегін, сен қағанның інісі едің.

10.13—10.19: 可汗猶朕之子也

Ал қағанның өзі менің туған ұлымдай болып кетті.

10.20—10.27: 父子之義既在攸崇

Әке-балалық көңіліміз ізетке құрылған еді,

10.28—10.36: 兄弟之親得無連類俱

аға-бауырлық туыскандықтың да өз ішкі базынасы бар еді.

11.1—11.8: 爲子愛再感深情是

Сол әкелік махабаттың тағы бір терең көрінісі ретінде

11.9—11.18: 用故製作豐碑發揮遐邇

қайтыс болуыңа орай, тамаша тас ескерткіш жаздырып, алыс-жақынға дабыра қылдырдым (36).

11.19—11.29: 使千古之下休光日新詞曰

Мың көнелікте (37) (ұлы ұстын) күн сайын нұрланып, сөздері жаңарып, жарқырап тұрсын (38).

(Өлең)

12.1—12.8: 沙塞之國丁零之鄉

Құмды аңғар мемлекеті динлиндердің (39) мекені,

12.9—12.16: 雄武鬱起于爾先王

Сенің ата-бабаң сол жерде елді уайымға салып айбатпен көтерілген.

12.17—12.24: 爾君克長載赫殊方

Сендердің патшаларың мен бектерінің атағы жан-жаққа жайылған ,

12.25—12.32: 爾道克順謨親我唐

Ата салтты жалғастырып, біздің Таңмен етене болдың.

12.33—12.34: 孰謂Кім айтар еді,

12.35—12.36: □(若?)□(人?)

(осындай адам) (40),

13.1—13.4: 罔保延長

өз өмірінің жалғасын ұзақ сақтамас деп.

13.5—13.12: 高碑山立垂裕無疆

Таудағы биік киелі ескерткіш мәңгі сені еске салып, көп істерден дерек беріп тұрсын.

14.10—14.29: 大唐開元廿年歲次壬申七月辛醜朔七日丁未建

Ұлы Таң патшалығының Кайюань жылнамасының 20-сыншы жылы шілденің 7-інші жұлдызы тұрғызылды (20.08.732).

**Тұрсынхан ЗӘКЕНҰЛЫ**, *түрколог ғалым,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор*

### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Сэроджав Н. Эртний турэгүүт. – УБ., 1970. – 32-42 б.
- 2 Jisil L. Vyzkum Kulteginova pamiatniku v Mongolske Lidove Respublice // Archeologiske razhledy. XII.– Praha, – 1960. XII, – № 1.– pp. 86-115.
- 3 Jisil L. Vorbericht über die archäologosche Erforschung des Kül-tegin-Denkmal durch die tschechoslowakisch mongolische Expedition des Jahres 1958, – UAJ. Bd. XXXII. 1960. H.1-2. – S.65-77.
- 4 Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюль-тегина // ЗВОРАО. – СПб., 1899. – Т.12. – С. 144.
- 5 Heikel A.O. Inscription de L' Orhon recueillies par l' expedition Finnoise 1890 et publiees par la Societe Finno-ougrienne. – Helsingfors. 1982. – 38 p.
- 6 Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. – I т. – Астана, 2003. – 392 б.
- 7 Gabelentz G.v.d. L'inscription chinoise du I-r monument, in [Heikel], Inscriptions de l'Orkhon. – Helsingfors, 1892., – pp. XXV-XXVI (25-26).
- 8 Thomsen V. Inscriptions de l' Orkhon // Memoires de la Societe Finno-Ougrienne (MSFOu). – V. – Helsingfors, 1896. – 240 s.
- 9 Васильев В.П. Китайские надписи на Орхонских памятниках в Кошо-Цайдаме и Карбалгасуне // СТОЭ. – Вып. 3 . – СПб., 1897. – С.1-36.
- 10 Ван Цзин-ань 王靜安. Тоғыз ұйғыр қағаны ескерткіші 九姓回紇可汗碑跋 (觀堂集林, 卷20) // 古突厥與回紇歷史論文選集. – Пекин, 1987.– 513.
- 11 Хан Жулин 韓儒林. Күлтегін ескерткішін оқу 讀闕特勤碑劄記 // 國立北平研究院院務彙報. – Пекин, – 1935. – № 6. – 65-74 бб.
- 12 Radloff W. Die altturkischen Inschriften der Mongolei. – St.Peterbourg, 1894. – S.167-169.
- 13 Линь Ган 林幹. Көне түркі ескерткіштері туралы 古突厥文碑銘劄記 // 古突厥與回紇歷史論文選集. – Пекин, 1987. – 582-594.
- 14 Зәкенұлы Т. Күлтегін ескерткішіндегі қытайша мәтіннің зерттелуі // Қазақ тарихы. – Алматы, 2006. – № 1. –12-15 бб.
- 15 Хуан Чжунцин 黃仲琴. Күлтегін ескерткіші туралы 闕特勤碑 // 中山大學語言歷史學研究所週刊. 中山大學. – Пекин, – 1929. – № 100. – 24-36 бб.
- 16 Хуан Чжунцин 黃仲琴. Тағы да Күлтегін ескерткіші туралы 再談闕特勤碑 // 中山大學語言歷史學研究所週刊. 中山大學. – Пекин, – 1930. X т. – №120. – 41-53 бб.
- 17 Хуан Чжунцин 黃仲琴. Таң дәуіріндегі Күлтегін ескерткіші 唐闕特勤碑 // Хэбэй ди и бо у юань баньюэ кань 河北第一博物院半月刊. – Хэбэй, – 1933. – № 40. – 21 б.

18 Юэ Цзя-цзао 樂嘉藻. Қаракорымдағы Тан дәуіріне тән үш ескерткіш 和林三唐碑記略 // Хэбэй ди и бо у юань баньюэ кань 河北第一博物院半月刊. – Хэби, – 1934, – № 40-59.

19 Цын Чжунмянь 岑仲勉. Түрікше күлтегін ескерткіші 跋突厥文闕特勤碑 // Фучжэн суэчжи 輔仁學志. 1937, – № 6. 答辯1-2. – 98-116 бб.

20 Бартольд В.В. 巴托爾德著. Гэн Шиминь ауд. 耿世民譯. Орта Азияның қысқаша тарихы 中亞簡史. – Үрімжі. 1981. – 168 б.

21 Шаванес Э. 沙畹. Батыс Түрік тарихына қатысты деректер 馮承鈞譯. 西突厥史料. 中華書局. – Пекин, 1958. – 310 б.

22 Билік ғибратнамасы 資治通鑒. 北京: 商務印書館. – Пекин, 1994, 159-216 ц.

23 КТК, 194 бума-1, 144 баян-1, Түрік-1.

24 ЖТК, 215 бума-2, 140 баян-2, Түрік-2.

25 ЦФЮГ —冊府元龜. 卷975.

26 Зәкенұлы Т. Күлтегін ескерткішіндегі Қытайша мәтіннің тарихи негізі // Қазақ тарихы. – Алматы, 2005. – № 6. – 20-23 бб.

27 ЦФЮГ —冊府元龜. 卷962, 999紀.